

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы № 16 2025 жылдың «03» желтоқсан
«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел
даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/89026110841?pwd=LYf7E81hgU71bDQp6MLRvayy_h5hIiU.1.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Нуркебаева Асель Болатовна
5. Оспанова Гульден Джетысовна
6. Салимова Вагида Вилииновна
7. Акильбеков Берик Ахмедиянович
8. Тикенов Еркін Амангельдинович
9. Сапакова Динара Борисовна

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

10. Устимиров Ильяс Нурланович
11. Бердибеков Даурен Айдарович.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Повестка дня:

1. Курорттық аймақтардың негізгі мәселелері және оларды тиімді басқару мәселелері.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшесі, туристік әлеуетті талдау департаментінің директоры Бердибеков Д.А. сөз сөйлеп, Қазақстандағы курорттық аймақтардың қызметінде кездесетін проблемаларды анықтау және оларды тиімді басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу бағытында Қоғам жүргізіп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Баяндама барысында Қоғамдық кеңес мүшелері туристік дестинацияны кешенді түрде басқару, дамыту және ілгерілетуге жауапты Destination Management Organization ұйымының басқару үлгісі мен функциялары, курорттық аймақтардың ресми тізімінің болуы, олардың қызметін қаржыландыру мәселелері, су қорғау талаптарын бұзғандарға

қолданылатын жауапкершілік шаралары, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің жобалары жөнінде сауалдар қойды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері ұсынымдар әзірлеу туралы шешім қабылдап, оларды отырыс хаттамасында көрсету ұйғарылды.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 11

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-на (бұдан әрі – Қоғам), өз құзыреті шегінде, одан әрі қарау және тиісті шешімдер қабылдау үшін мынадай ұсынымдар енгізілсін:

1) Қазақстандағы туристік қызметке қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге ревизия жүргізіп, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде Destination Management Organization ұғымын, олардың қызметін басқаруға уәкілетті барлық органдардың құзыреттерін, құқық бұзушылық жасалған жағдайда қолданылатын жауапкершілік шараларын бекіту, сондай-ақ курорттық аймақтарды дамытуда неғұрлым қолайлы ұғым ретінде «дестинация» терминін пайдалану ұсынылсын;

2) өңірлерде Destination Management Organization ұйымдары құрылған жағдайда, олардың құрамында міндетті түрде бизнес өкілдері енгізілетін бақылау кеңестерінің болуын көздеу ұсынылсын;


3) нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша Қоғам әзірлеген барлық жұмыс құжаттарын оларды зерделеу және қоғамдық пікір білдіру үшін ұсыну ұсынылсын.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне шығарылған мәселе қаралды. Ол бойынша тиісті шешім қабылданып, отырыс хаттамасы оған қол қойылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Қоғамдық кеңесінің

Төрағасы

21.01.2026 ж.



А. Калкабаев

Қоғамдық кеңесінің

Хатшысы



Ш. Бакаева